

## Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы N 403 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 желтоқсанда N 3522 болып тіркелді.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 22.08.2023 № 313 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. . Осы қаулының 17 - қосымшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың қоса берілген тәртібі бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 22.08.2023 № 313 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орынбасары М. Т. Науановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


*Аудан әкімі*

*А.Тастеміров*

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 1 қосымша

Галицино, Ақан – Сері, Уголки, Жұмысшы, Сартүбек, Шүкірлік, Ағынтай – Батыр, Лобаново ауылдарынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "№ 2 Саумалкөл мектеп – гимназиясының жанындағы интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 22.08.2023 № 313 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.



Аббревиатуралардың ашып жазылуы:


L- қашықтық



- аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 2 қосымша

**Ақан-Бұрлық ауылынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Ақан мектеп-балабақша-кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**




Аббревиатуралардың ашып жазылуы:  
L - қашықтық  
- аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 3 қосымша


**Никольское ауылы, Николо-Бұрлұқ элеваторы, Янко станциясынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Аксеновка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 4 қосымша

**Горный және Целинное ауылдарынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Арықбалық орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**




«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»  
 коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
 «Айыртау ауданының білім бөлімі»  
 коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
 «Арықбалық орта мектебі»  
 коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Аббревиатуралардың ашып жазылуы:  
 L – қашықтық  
 - аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
 2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
 Қаулысына 5 қосымша

**Корсаковка ауылынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы"  
 коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық  
 мемлекеттік мекемесінің "Гусаковка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне  
 балаларды жеткізу сызбасы**

Гусаковка ауылы



Корсаковка ауылы

L-15 километр

Аббревиатуралардың ашып жазылуы:

L – қашықтық




- аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 6 қосымша


**Егінді Ағаш ауылынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Дауқара орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**

Дауқара ауылы




Аббревиатуралардың ашып жазылуы:

L – қашықтық


 - аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 7 қосымша

**Баян ауылынан Ағынтай Батыр ауылының "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Златогорка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды күнделікті жеткізу сызбасы**




Ағынтай Батыр ауылы

Аббревиатуралардың ашып жазылуы:  
 L – қашықтық  
 - аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
 2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
 Қаулысына 8 қосымша

**Верхний-Бұрлық, өнеркәсіптік комбинат ауылдарынан Имантау ауылының "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің " Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Имантау орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**



Аббревиатуралардың ашып жазылуы:

$L$  – қашықтық




-аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 9 қосымша


**Всеволодовка, Прекрасное, Никольск, Николо-Бурлукский элеватор ауылдарынан " Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі " Казанка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**






Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 10 қосымша

**Заря ауылынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Лобаново орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**



Аббревиатуралардың ашып жазылуы:  
L- қашықтық  
 - аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 11 қосымша

**Алтын Бұлақ, Жақсы-Жалғызтау ауылдарынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Нижнебұрлық мектеп-бөбекжай-бақша кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**



Аббревиатуралардың ашып жазылуы:

L- қашықтық




-аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 12 қосымша

**Береславка ауылынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Новосветловка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**

Новосветловка ауылы




Аббревиатуралардың ашып жазылуы:  
L- қашықтық  
 - аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 13 қосымша


**Матвеевка ауылынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдык мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдык мемлекеттік мекемесі "Константиновка мектеп-бөбекжай-бақша кешені" коммуналдык мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**



Аббревиатуралардың ашып жазылуы:  
 L- қашықтық  
 -аялдама


Айыртау ауданы әкімдігінің  
 2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
 Қаулысына 14 қосымша

**Колесниковка, Айыртауское, Междуозерное, Шок-Қарағай ауылдарынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің " Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Елецкая орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**



Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 15 қосымша

**Сарыбұлақ, Шоқ-Қарағай, Сұлукөл ауылдарынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Сырымбет орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**



Аббревиатуралардың ашып жазылуы:

L- қашықтық




- аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 16 қосымша

**Карловка, Петропавловка, Сарысай ауылдарынан "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Айыртау ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Каменноброд орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне балаларды жеткізу сызбасы**

## Каменный-Брод ауылы



Аббревиатуралардың ашып жазылуы:

L- қашықтық

 -аялдама

Айыртау ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 22 тамыздағы № 313  
Қаулысына 17 қосымша

## Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14 - бабы 3 - тармағының 3 - 1) тармақшасына, "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.



2 - тарау. Тасымалдаушыларға және автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

1. Балаларды тасымалдау осы Тәртіп талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

2. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретінде кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" № 534 бұйрығымен (құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) бекітілген, Жол жүрісі қағидаларын өрескел бұзбаған.

3. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есігі болады және " Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген, "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының 25-қосымшаның 1-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) сәйкес келеді, сондай-ақ мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылатын "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маяғымен;

3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) "Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9649 болып тіркелген) автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесіне сәйкес дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдары бар екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде - автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен жабдықталады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 18.01.2024 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **3 - тарау. Балаларды тасымалдау тәртібі**

1. Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

2. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

3. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға Тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

4. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне:

1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе жабдықтарды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға рұқсат берілмейді.

Балаларды тасымалдаған кезде жүргізуші:

1) автобус қозғалысының белгіленген маршрутынан ауытқымайды және белгіленген жылдамдық режимдерін бұзбайды;

2) қозғалыс барысында автобусты басқаруда алаңдамайды (сөйлеспейді, тамақ ішпейді, кабинада қатты музыка қоймайды);

3) тасуға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және материалдарды автобуста алып жүрмейді;

4) топырақ жолдарға шығып кетпейді және олармен жүрмейді (балаларды ауылшаруашылық жұмыстарына және демалыс орындарына, сондай-ақ жолды жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу кезінде тасымалдаған жағдайдан басқа).

5. Балаларды автобусқа отырғызу автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен жүргізіледі.

6. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру кезінде, автобус қозғалысы кезінде, аялдама кезінде балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

#### **4-тарау. Қорытынды**

1. Осы шалғайдағы Тәртіппен реттелмеген қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі.